

## Педагогикалық кеңес (ПК)

**Мақсаты:** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандартына сәйкес педагогтарға педагогикалық оқу тәрбие үдерісінің сапасын жақсартуды қарастыру.

**Міндеті:** педагогтар қызметінің өзектілігі, педагогикалық кеңес шешімдерін орындаудағы педагогтардың қызметкерлердің белсенділігі.

### 2021- 2022 оқу жылының педагогикалық кеңестері.

| № | Педагогикалық кеңестің бағдарламасы мен тақырыбы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Өткізілу түрі                                                                  | Мерзімі | Жауаптылар                                                                               |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------|---------|------------------------------------------------------------------------------------------|
| I | <p><b>№1 Педагогикалық кеңес.</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Білімді ұлт-тұрақты даму кепілі» тақырыбындағы тамыз педагогикалық кеңес отырысы.</p> <p>1) Педагогикалық кеңестің құрамын сайлау, бекіту.</p> <p>2) Педагог қызметкерлердің сапалық құрамын бекіту.</p> <p>3) Барлық топтардың жас ерекшелігіне сәйкес 2021-2022 жылына арналған күн тәртібін, оқу кестесін бекіту.</p> <p>4) Барлық тәрбиешілердің 2021-2022 жылына арналған перспективалық жоспарын бекіту.</p> <p>5) Пән мұғалімдерінің, музыка жетекшілерінің, педагог-психолог, дефектолог маманның 2021-2022 оқу жылына арналған жоспарын бекіту.</p> <p>6) 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру.</p> <p>7) Тәрбиешілерді топтарға бекіту.</p> <p>8) Барлық топтың бала тізімін бекіту.</p> <p>9) Пандемия кезінде білім процесін ұйымдастыру, қауіпсіздік орта қалыптастыру.</p> <p>10) Педагогикалық кеңес шешімі.</p> | <p>Педагогикалық талқылау.</p> <p>Бекіту.</p> <p>Конкурс.</p> <p>Қортынды.</p> | Тамыз   | <p>Меңгеруші</p> <p>Әдіскер</p> <p>Медбике</p> <p>Тәрбиешілер</p> <p>Барлық мамандар</p> |

[illegible]

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                 |        |                                                                                                                                                                                                                                         |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|--------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    | <p>сыйлайын»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балабақшадағы педогог, қызметкерлердің психикалық көңіл-күйлерін көтеру. Өздеріне құрметпен қарау.Ұжымда сыйластық қарым-қатынас орнату арқылы адамгершілікке, достыққа, өзара түсінушілікке, көңілді, мейірімді ұйымшыл болуға баулу.</p> <p>6. Жаңа жылдық ертеңгіліктердің іс-шара жоспарын бекіту.</p> <p>7.Педагогтардың жарты жылдық есебі.</p> <p>Педкеңес қортындысы шешім қабылдау.</p>                                                                                                                       | Көрме<br>ұйымдастыру            |        |                                                                                                                                                                                                                                         |
| IV | <p><b>№4 Педкеңес</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Бала құқығын білу және бала құқығын қорғау әр бір педагогтің міндері.</li> <li>2) Балалардың денсаулығы біз үшін ең маңызды мәселе!</li> <li>3) Конвенция және бала құқығы заңдарымен таныстыру.</li> <li>4) Ересек және мад топтары арасында «Ғажайып қыстың кереметтері» сурет көрмесін ұйымдастыру.</li> <li>5) Тақырыптық бақылау</li> <li>6) Қаңтар айындағы аралық мониторинг қорытындыларына талдау жүргізу және жеке даму картасы.</li> <li>7). Педкенестің шешімі.</li> </ol> | Тақырыптық<br><br>педкеңес      | Наурыз | <p>Менгеруші:</p> <p>Медетбекова А.К<br/>әдіскер :</p> <p>Еримбетова Г.Т</p> <p>Медбике</p> <p>Азенова К.Ш</p> <p>Қазақ тілі пән<br/>мұғалімі:</p> <p>Сопбекова К.С</p> <p>Психолог:</p> <p>Дәрменбаева А.Х</p> <p>Топ тәрбиешілері</p> |
| V  | <p><b>№5 Педкеңес</b></p> <p>Тақырыбы : «Мектепке дейінгі мекеменің оқу жылындағы жұмыстарының нәтижесі»</p> <p>1. Өткен педкенестің шешімінің орындалуы.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Дөңгелек үстел<br><br>Есеп беру | Мамыр  | <p>Менгеруші</p> <p>Әдіскер</p> <p>Психолог</p> <p>Медбике</p> <p>Тәрбиешілер</p> <p>Қазақ тілі мұғалімі</p>                                                                                                                            |

|                                                                                                                                                                                                                                                                          |  |  |  |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|
| <p>2. Топтар бойынша қорытынды ашық ұйымдастырған оқу қызметі.</p> <p>3. « Қош , бол балабақша! » ертенгіліктері</p> <p>4. Мемлекеттік стандартының орындалуы бойынша тәрбиешілердің есебі.</p> <p>5. Балалардың науқастық нәтижелері.</p> <p>6. Педкөңестің шешімі.</p> |  |  |  |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының  
Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Қамқор» бөбекжай-  
балабақшасы бойынша**

**№1 педкеңес**

**Хаттамасы**

31 тамыз айы 2021 ж.

Қатысқаны: 30 адам.

**Күн тәртібі:**

**Тақырыбы:** «Білімді ұлт- тұрақты даму кепілі» тақырыбындағы тамыз педагогикалық кеңес отырысы.

- 1) Педагогикалық кеңестің құрамын сайлау,бекіту.
- 2) Педагог қызметкерлердің сапалық құрамын бекіту.
- 3) Барлық топтардың жас ерекшелігіне сәйкес 2021-2022 жылына арналған күн тәртібін, оқу кестесін бекіту.
- 4) Барлық тәрбиешілердің 2021-2022 жылына арналған перспективалық жоспарын бекіту.
- 5) Пән мұғалімдерінің , музыка жетекшілерінің , педагог-психолог, дефектолог маманның 2021-2022 оқу жылына арнаған жоспарын бекіту.
- 6) 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру.
- 7) Тәрбиешілерді топтарға бекіту.
- 8) Барлық топтың бала тізімін бекіту.
- 9 Пандемия кезінде білім процесін ұйымдастыру , қауіпсіздік орта қалыптастыру.
- 10) Педагогикалық кеңес шешімі.

**Тыңдалды:**

**І. Медетбекова А.К – меңгеруші**

Алдымен бәріңді жаңа оқу жылымен құттықтаймын. 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстырды. «Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бағдарламасының негізгі талап міндеті жаңа технологияны пайдалана отырып , МДМ кадрлардаң біліктілігін арттыру, озық технологияны қолдану, тарату. Өздеріңіз білесіздер калада балабақшалар

саны артуда, материалдық база жақсартылуда, балабақшаға деген сұраныс артуда. Біздің алдымызда балабақшалардың балаларының денсаулығы бірінші міндетте тұр сонымен қатар ата-аналарымен жұмыс жасау міндеті қойылуда, осы тұрғыда қандай тірлік жасалды? Әр тәрбиешінің қайсысы қай топта жұмыс атқаратынын айтып өтті. Жаңа оқужылына жаңа қарқынмен кірісулерін қадап айтты. Одан кейін ең үлкен мәселенің бірі – жаңа стандарт туралы, ондағы өзгерістер туралы, жаңа оқу қызметтері қосылғанын ерекше айтып, бұйрықтарымен таныстырды. Келесі сөз кезегі балабақша әдіскері : Г.Т Еримбетоваға берілді.

**II. Еримбетова Г.Т – әдіскер.**

Әдіскер: Г.Т Еримбетова. – құрметті Анар Каныбекқызы , қадірлі әріптестер, барлықтарыңызды жаңа оқу жылымен құттықтаймын. Балабақшада жұмыс жоспары , жұмыс кестесі, оқу қызметінің кестесі , бекітілді. Биылғы жаңа оқу жылында үлкен өзгеріс болып отыр, Яғни ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына өзгерістер енгізіліп отыр.

**Стандарт талаптары:**

**1. Үлгілік оқу жоспарларын;**

**2. Баланың қызығушылықтары мен бейімділіктерін іске асыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын және қосымша бағдарламаларды әзірлеуге негіз болып табылатын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасын;**

**3. Мектепалды даярлық білім беру бағдарламасын;**

Яғни білім беру салалары: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» екендігіне, ондағы өзгерістерге мән бергізді. Тәрбиешілер балалардың тілдік қатынасын дамытуда жан-жақты іздену; Оқу қызметтерін қызықты ұйымдастыру; ертегілерді кейінкерлендіру; тілдік білімін дамытуда жаңаша әдіс-тәсілдерді қолданып, қабілетті тұлғаны тәрбиелеу жолын қарастыру.

**Ата-аналарға:** Ата-аналар балаларының балабақша өмірінің тәрбиесіне белсене қатыстыру; отбасы мен балабақша арасында ынтымақтастық орнату. Күннің екінші жартысында мазмұнды –рөлді ойын ойнату

арқылы балаларды ұжымдық және шығармашылық іс-әрекетке біріктіру және бағдарлау. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді. Осы жылдық міндеттемелерді жүзеге асыру үшін, барлық педагогикалық іскерліктеріңіз бен шеберліктеріңізді көрсетесіздер деп ойлаймын. Жаңа оқу жылында жаңаша табыстарға жетулеріңізге тілектеспін. Келесі сөз кезегін балабақша медбике А.А Шығанбаеваға беремін.

III .Балабақша медбикесі: А.А Шығанбаева Биылғы жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары ойдағыдай өтті. Жоспарланған жоспар бойынша балаларға жеміс-жидектер, шырындар берілсе, таза ауада көп уақыттарын өткізіп, ауру-сытқаттан аман болды. Күннің ыстығында балалар бас киімі т.б. қадағалап отырдым. Барлық іс-шаралар методикалық талапқа сай өтті деп ойлаймын.

#### Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Оқу – тәрбие жұмыстары стандарт талаптарына сай әзірленсін және методикалық талапқа сай жүргізілсін.
2. Жылдық міндеттеме мақсатына жету жолында әр тәрбиеші өз іскерліктерімен, шеберліктерімен методикалық талапқа сай әрекет етсін және бала өмірінің қауіпсіздігін сақтасын.

Балабақша меңгерушісі:

Хатшы:



Медетбекова А.К

Солбекова А.К

«Қамқор» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық кеңесінің отырысының  
ХАТТАМАСЫ № 2

Кентау қаласы.

«15.10» 2021 жыл.  
Қатыскандар: 33 адам.

**Күн тәртібінде:**

- 1) Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы.
- 2) Ұлттық біліктілік тестін тапсыратын педагог қызметкерлердің тізімін анықтау.
- 3) Сараптамалық кеңес құрамын таныстыру.
- 4) Аттестатталушы педагог – тәрбиешілерді педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау ережесі мен таныстыру.
- 5) Топтарда балалардың тізімінің толықтығын анықтау.
- 6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы түзілген іс-шарамен таныстыру.
- 7) Қыркүйек айындағы бастапқы мониторинг қорытындысын талдау.
- 8) Балалардың денсаулығына сараптама талдау жүргізу.
- 9) «Денсаулық – адамның ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі және жетістігі» Баяндама
- 10) Педкеңес қортындысы шешім қабылдау.

*1. Балабақшамыздың әдіскері: Еримбетова Гулзира өткен педагогикалық кеңестің шешімінің қаншалықты орындалғанына есеп берді.*

*Балабақшаның 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспары бекітілгенін, топтардың жаңа оқу жылына дайындығы жақсы екенін, жас ерекшелігіне сәйкес топтардың оқу қызметінің кестесі бекітілгенін, балабақшада өтетін ертеңгіліктер мен ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелерінің бекітілгенін толық баяндады.*

*Одан әрі қарай бүгінгі қарастырылатын мәселелерге көңіл бөлді.*

Ұлттық біліктілік тестін тапсыратын педагог қызметкерлердің тізімімен таныстыру.

1. Мусанова Б.М – тәрбиеші.
2. Байту И.Е - тәрбиеші.
3. Османова Б.А- тәрбиеші.
4. Дарменбаева А- психолог
5. Адбухаликова Х.Н - тәрбиеші
6. Дүйсенбаева Ж.К – орыс тілі пән мұғалімі

Сараптамалық кеңес құрамын атап айтып өтті.

1. Медетбекова А.К – төрайымы, «Қамқор» б/б меңгерушісі
2. Еримбетова Г.Т – әдіскер, жоғары санатты
3. Набиева Р.А – тәрбиеші, жоғары санатты

4. Адилбаева Г.А – тәрбиеші, жоғары

5. Паржанова Г.А – саз жетекші, I санатты.

2.Аттестаталушы педагог – тәрбиешілерді педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау ережесі мен таныстыру.

2021-2022 оқу жылында аттестациядан өтетін педагог – тәрбиешілерді айтып өтейін ол қызметкерлер мынадай құжаттарды дайындайды.

1. Мадиханова Л.С – тәрбиеші.
2. Жаманбалаева Н.Н - тәрбиеші.
3. Утегенова Р.Н- тәрбиеші.
4. Паржанова Г.А– саз жетекші.
5. Живасва Е.В –тәрбиеші
6. Набиева Р.А-тәрбиеші
7. Ергешова Д.Р-тәрбиеші
8. Абдраманова Г.А-тәрбиеші
9. Усманова А.М-тәрбиеші

1.Өтініш.

2. Жеке басын растайтын құжат;

3. Білімі туралы диплом.

4. Біліктілікті арттыру туралы құжат;

5. Еңбек кітапшасы.

6. Жоғары білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінен басқа бұрын берген біліктілік санаты туралы куәлік.

### Тыңдалды:

**Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі : Г.Т Еримбетова** сөз алып бүгінгі екінші пед кеңес тақырыбымен таныстырып , ең үлкен мәселенің бірі Баланың тілін жан-жақты дамыту, көркем әдебиет арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыру әдеби шығармаларға қызығушылығын арттыру. Ол үшін оқу қызметін көркем әдебиет арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыру әдеби шығармаларға қызығушылығын арттыру түрлерін қолдана отырып қызықты етіп өткізу керек.

Балабақша тәрбиешілері бес білім беру саласы бойынша балалардың даму мониторингісінің қорытындысын баяндап есептерін тапсырды. Бес білім саласы бойынша балалардың даму мониторингі жақсы деп бағаланды.

**Екінші мәселе бойынша әдіскері : Г.Т Еримбетова** I педкеңестің шешіміне тоқталды. Балабақшада жаңа оқу жылына байланысты барлық жұмыстар бітті. Биылғы жылы көптеген жұмыстар әлі де атқарылуы тиіс. Жаңа технологияларды қолдана отырып ұйымдастырған оқу қызметін өту керек

екенін атап айтып өтті. Атап айтатын болсам тәрбиешілердің құжаттары, бес сала бойынша топта бұрыштардың болуы және тәрбиешілердің формаларының талапқа сай болу керек екенін алдағы уақытта талап ететінін айтты.

#### Тыңдалды:

Санитарлық –гигиеналық жағдайды тексеру және орындалуын қадағалау (күрделі тазалық айына бір рет) барысында балабақшамыздың медбикесі Шыныбекова Ж.Е балалардың тазалығы, топтардың тазалық сақтау кестесін және ойыншықтарды жуу ережелерін кеңінен айтып берді. Айына бір рет болатын күрделі тазалық қалай өту керек және оны қалай жасау ережелерін кеңінен талқылады. Тәрбиешілерге балалардың тазалық дәптерін және бөлмелерге кварц кою дәптерін арнауларын айтты.

#### ШЕШІМІ

- 1.«Қамкор» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешілері ашық ұйымдастырған оқу қызметін өткізсін.
- 2.Аттестаталушы педагог – тәрбиешілер құжаттарын дайындасын. Жас мамандармен жұмыс жүргізілсін.
- 3.Балалардың күнделікті қатысуы және күнделікті ұйымдастырған оқу қызметі көрнекті құралдармен өткізілсін.

Төрайымы:  
Хатшы:



Медетбекова А.К  
Усманова А.М

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Кентау  
қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің  
«Қамқор» бөбекжай-балабақшасының  
№3 педкеңес  
Хаттамасы**

06 қаңтар 2022 жылы.  
Қатысқаны: 33 адам.

**Күн тәртібі:**

**1.Тақырыбы :** «Баланың денсаулығы мен қауіпсіздігі қамтамасыз ету»

**Мақсаты:** балалардың денсаулығын нығайту және дене бітімін дамыту бойынша педагогикалық қызметке талдау жасау , осы бағыттағы жұмысты жетілдіру жолдары.

**Мақсаты:** балалардың денсаулығын нығайту және дене бітімін дамыту бойынша педагогикалық қызметке талдау жасау , осы бағыттағы жұмысты жетілдіру жолдары.

2. Тұмау, грип ауруларының алдын алу шаралары. Медбике : Шығанбаева А.А

3.«Ертегі арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту»

Тәрбиеші: Абдухаликова Х.Н

4.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығына қосымша Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау)қағидалары Жалпы ережелер әдіскер: Еримбетова Г.Т

5. Психолог Дарменбаева А.Х **Тренинг**

6.Тәлімгер тәрбиешімен жас мамандар жұмысы.Тәрбиеші : Набиева Р.А

7. 16 – желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне макет көрмесі.

8.Тәрбиешілерді марапаттау.

Педкеңес қортындысы шешім қабылдау.

**Тыңдалды:**

**Медетбекова А.К – меңгеруші.**

Бүгін жарты жылдық жұмыстың қорытындылай отырып , атқарылған істерге орташа деңгейде екенін айтқым келеді . Көптеген жұмыстар атқарылды әлі де атқарылатын жұмыстар алда бірге жұмылып жұмыс атқарсақ әлі де талай жетістіктерге қол жеткіземіз. Мысалға алар болсам «1-желтоқсан – Елбасы күні» , «16 желтоқсан Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесі» «Қош келдің жаңа жыл!» мерекесі жоғары деңгейде атап өткізілді.

**Шығанбаева А.А – медбике.**

Жарты жылдық қорытындысы бойынша орта есеппен 290 бала бір айда бір баланың келуі 21-22 күнде құрады.

ОРВИ, ангина ауруы 14, басқа жұқпалы ауру тіркелген жоқ. №2, №5, №3, №1, №2 топтарында 100 % құрады. Санитарлық –гигиеналық талапқа сай айына бір рет болатын күрделі тазалық жөнінде тәрбиешілер ыдыс-аяқ, ойыншықтарды, сөрелерді жуғанда пайдаланатын хлордың қанша көлемде пайдалану керек екендігін және жатын бөлме, ойын бөлме, дәліз бөлмелерге кварц қою ережелерін, уақытын нақты сұрады.

**Еримбетова Г.Т – әдіскер.** тәлімгер тәрбиешілер жас мамандармен жеке жұмыс жүргізу керек. Әр тәлімгер тәрбиешінің жылдық жоспарына сүйене отырып. Жарты жылдық барысында балабақша ішілік қала көлемінде көптеген сайыстар өтілді. Ертеңгіліктер және ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері ұйымдасырылып өткізіліп, орташа деңгейде баға берілді. Қазіргі заманда жас ұрпаққа саналы білім мен сапалы тәрбие беру әлеуметтік құрылымының ең маңызды міндеттерінің бірі. Балабақша ішілік «Алтын күз» ертеңгілігі өтті.

«Тұңғыш Президент күнін мерекелеу» он күндігі «Қамқор» бөбекжай-балабақшасында іс-шара жоспары түзіліп, «Менің Президентім» атты ертеңгіліктер ұйымдастырылды. «Тәуелсіздікке 30 жыл» тақырыбында іс-шара жоспары құрылып ертеңгіліктер өтілді. Алдағы уақытта жұмысына сәттілік тіледі. Айтылған ұсыныстарды алдағы уақытта орындайды деген сенім артамыз.

**Шешімі:**

Жарты жыл қорытындысына «жақсы» баға берілсін.

Санитарлық –гигиеналық жағдайды тексеру және орындалуын қадағалау (күрделі тазалық айына бір рет) барысы молайтылсын.

Балалардың келуі қадағалансын. Ашық ұйымдастырған оқу қызметі жоғары дәрежеде ұйымдастырылсын. Айтылған ұсыныстар алдағы уақытта орындалсын.

Төрайымы:

Хатшы:

Медетбекова А.К

Бекметова Х



**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының  
Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Қамқор»  
бөбекжай- балабақшасы МКҚК**

**№4 педкеңес  
Х а т т а м а с ы.**

**17.03.2022 жыл.  
Қатысқаны: 25 адам**

**Күн тәртібі:**

- 1) Бала құқығын білу және бала құқығын қорғау әр бір педагогтың міндеттері.
- 2) Балалардың денсаулығы біз үшін ең маңызды мәселе!
- 3) Конвенция және бала құқығы заңдарымен таныстыру.
- 4) Ересек және мад топтары арасында .«Ғажайып қыстың кереметтері» сурет көрмесін ұйымдастыру.
- 5) Тақырыптық бақылау
- 6) Қантар айындағы аралық мониторинг қорытындыларына талдау жүргізу және жеке даму картасы.  
Педкеңесте қабылдаған шешімдер.

**Тыңдалды:**

**I. Медетбекова А.К – меңгеруші.**

Өткен педкеңестің шешімдері бойынша тұмаудың алдын алу іс-шаралары өз деңгейінде өткізілгені балалардың қатысуы, ауру көрсеткішінің төмендігі қуантарлық жай. Бұл жетістікпен шектелмей, күнделікті тазалық қатаң сақталсын, балалар таза ауада уақытылы серуендесін. Себепсіз балабақшадан қалған бала дер кезінде анықталсын. Ата-анамен байланыс жұмыстар жүргізілсін. Дүние жүзінде коронавирус инфекциясы бойынша қолайсыз жағдайдың қалыптасуына және аурудың саны өсіп, қауіптілік ықтималдығының күн сайын артуына байланысты мерекелік іс-шараларға ата-аналардың, басқа да қонақтардың қатысуынсыз өткізілсін. Сонымен қатар, барлық топтарда дезинфекциялық режимді күшейту мен қатар, дәретханаларды сұйық сабыны бар дозаторлармен, электр кептіргіштермен немесе бір рет қолданылатын қағаз сулықтармен және қолданылған бетперделер мен сулықтарды жинауға арналған педаль бар кофас жәшіктерімен қамтамасыз ету керек екені айтылды.

**II. Еримбетова Г.Т – әдіскер.**

Өткен педкеңестің шешімдері бойынша балабақшада педагогтар оқу қызметін ұйымдастыру жолында тәрбиешілердің шығармашылығы туралы айтып өтті. Кәзіргі таңда тәрбиеші көптеген ізденісте болу қажет. Себебі баланың жан-жақты қызығушылығын арттыру үшін, тәрбиеші өзінің жұмысына шығармашыл болу керек. Педагогикалық іс-әрекеті ұйымдастыру күнделікті тәрбиешінің жұмысы. Ал сол оқу қызметін қызықты, маңызды, балаға пайдалы ұйымдастыру үлкен жұмыс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру біздің басты міндетіміз деп әдіскер Г.Т Еримбетова өз сөзін ары қарай жалғастырды. 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру мақстында балабақшада бір қатар жұмыстар атқарылып жатыр. Мысалға жөндеу жүргізу, жиһаз, құрал-жабдықтар сатап алу, нысандарды тазалау, оқытушылар құралына сыйлықтар, аттестациялар, мерекелік іс-шараларды өткізу және тағы басқа да максаттар үшін мәжбүрлі түрде қаражат жиналуына тиым салынуда екенін атап айтып өтті.

2.Шығанбаева А.А – медбике

Тәрбиеші көмекшілері бөлмелерді, ыдыстарды белгіленген уақыт және нормаға сәйкес дезинфекциялауды жалғастырсын. Барлық топтарда тұмауға, басқа да жұқпалы ауруларға қарсы үгіт парақтары ілінген.

Қаңтар айындағы аралық мониторинг қорытындыларына талдау жүргізу және жеке даму картасы бойынша балалардың білім деңгейі жақсы. Бірақ әлі де жұмыс жүргізіміз қажат.

### Шешім:

Көрнектіліктерді талапқа сай қолдану керек.

Ашық ұйымдастырған оқу қызметі талапқа сай, көрнектіліктер аз. Жаңа технологияларды қолдануды әлі де жандандыру қажет. «Қамқор» б/б педагог қызметкерлері педкеңестің шешімін бірауыздан қолдап бір жакты шешім қабылдады.

Төрайымы:

Хатшы:



Медетбекова А.К

Еримбетова Г.Т

**«Қамқор» бөбекжай-балабақшасының  
№5 педкеңес  
Хаттамасы**

«31» .05.2022 жыл.

Қатысқандар: 31 адам

**Күн тәртібі:**

Тақырыбы : «Мектепке дейінгі мекеменің оқу жылындағы жұмыстарының нәтижесі»

1. Өткен педкеңестің шешімінің орындалуы.
- 2.Топтар бойынша қорытынды ашық ұйымдастырған оқу қызметі
- 3.« Қош , бол балабақша! » ертеңгіліктері.
5. Мемлекеттік стандартының орындалуы бойынша тәрбиешілердің есебі
- 6.Балалардың науқастық нәтижелері
7. Педкеңестің шешімі

Балабақшамыздың меңгерушісі А.К Медетбекова соңғы педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Одан әрі қарай балабақша әдіскеріне сөз кезегі берілді.

**Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тыңдалды:**

1. Балабақша әдіскері өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалғанына есеп берді. Өткен педагогикалық кеңестің шешімі бойынша тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу қызметінде ойын технологиясы қолданылып жүргенін баяндады.
  - 2.Балабақша тәрбиешілері бес білім беру саласы бойынша балалардың даму мониторингісінің қорытындысын баяндап есептерін тапсырды. Бес білім саласы бойынша балалардың даму мониторингі жақсы деп бағаланды.
  3. Балабақша әдіскері балабақшаның 2021-2022 жылғы жылдық есебін баяндады. Жылдық есеп бойынша балабақшада атқарылған жұмыстар, өткізілген ертеңгіліктер,семинарлар, жиналыстар, ата-аналармен жұмыстар, оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып, қағаз жүзінде өткізілді. Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жылық есептерін тапсырды. Тәрбиешілер жылдық есептерін, іс қағаздарын, жүргізген жұмыстарын қағаз жүзінде өткізді.
  - 4.Балабақша меңгерушісі, ұжым мүшелері жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының жоспарын талқылап өз ойларын ортаға салды. Жоспар бойынша өткізілетін іс-шаралар мен мерекелік ертеңгіліктердің тізімі жасалып бекітілді.
- Мебдике : А.А Шығанбаева Балалардың науқастық нәтижелеріне есеп берді

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қойылған сұрақтар мен ұсыныстар:

Күн тәртібіндегі қарастырылған мәселелер бойынша тәрбиешілер өз сұрақтарын қойып, жауаптарын алды.

Дәл осылай, ұжым мүшелері өз ойларын ортаға сала отырып, керекті құралдарын, атап айтқанда, жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларына байланысты балалар алаңына спорттық ойыншықтар алсақ деген ойларын айтты.

### Қабылданған шешім:

1. «Қамқор» бөбекжай-бақшасының жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының жоспары бекітілсін.
2. Тәрбиешілердің оқу-тәрбие жұмысының жылдық есептері қабылданып бекітілсін.
3. Балабақшада өтетін ертеңгіліктер мен спорттық іс-шараларды өткізу уақытының кестесі бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:



Медетбекова А.К

Бегметова Х